

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Ертіс ауданы Қарақұдық ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 8 маусымдағы "Ертіс ауданы Қарақұдық ауылдық округі Ынтымақ ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1-04-5 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Ертіс ауданы Қарақұдық ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 1-04-6 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 22 қыркүйекте № 24465 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 - бабы 2 -тармағына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10 -1 - бабы 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 - бабы 1-тармағына сәйкес, Ертіс ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 2-19/522 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Ертіс ауданы Қарақұдық ауылдық округінің Ынтымақ ауылының аумағында ірі кара мал арасында бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық – санитариялық іс-шаралардың жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Ертіс ауданы Қарақұдық ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 8 маусымдағы " Ертіс ауданы Қарақұдық ауылдық округі Ынтымақ ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1-04-5 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23029 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарақұдық ауылдық округінің әкімі

Т. Рустембеков